

**2024-2025 оқу жылына «Жылымды ауылының негізгі орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы «Қуаныш» шағын
орталығының өзін-өзі бағалау есебі**

«_20_»__06_____2025ж

I. Білім беруді ұйымдастырудың жалпы сипаттамасы.

1.Білім беру ұйымының толық атауы

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
Жылымды ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**2.Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты
орналасқан жерінің мекенжайы):**

Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Жылымды ауылы, Мектеп көшесі 20

**3. Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта,
web-сайт):**

жұмыс телефоны: 8(71632)51655

эл.пошта: Jil_school@mail.ru

сайт: <http://sc0042.zerenda.aqmoedu.kz>

**4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға
тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):**

Мектеп директоры: Есжанова Арайлым Махметжановна, тел: +7 705 252 99
36, «Ақмола білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
Жылымды ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
директоры қызметіне 2023 жылғы 03 наурыздағы № 45 бұйрығымен
тағайындалған. *(лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса
беріледі)*

5. Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама Ақмола облысының
әділет департаменті Бурабай ауданаралық әділет басқармасымен 2021 жылдың 15
қаңтарында берілген. БСН: 970940002346.

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
Жылымды ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
жарғысы, Ақмола облысы әкімдігі 2021 жыл 5 қаңтардағы №А-1/3 қаулысымен
бекітілген.

(заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы анықтама және жарғы қоса беріледі).

6. Рұқсат беру құжаттары:

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
Жылымды ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне
«Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті»
мемлекеттік мекемесі 2021 жылы 26 қаңтарда № KZ64LAA00021262 мемлекеттік
лицензия және бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, негізгі орта және
жалпы орта білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша берілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым
саласындағы бақылау комитеті Ақмола облысының Білім саласындағы бақылау
департаментінің қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы № KZ69RVK00009818
хабарлама негізінде мектеп жанында «Қуаныш» шағын орталығы жұмыс істейді.

II. Мектепке дейінгі білім беру бойынша кадр әлеуетін талдау

«Қуаныш» шағын орталығында 2 тәрбиеші жұмыс істейді. Сақтағанова А.К – білімі жоғары, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, 2023 жылы бітірген, мамандығы – "Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі". 2023 жыл 28 сәуір, "Назарбаев зияткерлік мектебі" ДББҰ ПШО "Баланы ерте дамыту бағдарлары" 170 сағаттық курсы өтті. Педөтілі – 19 жыл.

Асылбек Анеля – білім арнаулы-орта, 2022 ж, Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі аяқтады, мамандығы бастауыш білім беру мұғалімі. 2023 жыл 18 шілде, ҚР Оқу-ағарту министрлігі "Балаларды ерте дамыту институты" республикалық мемлекеттік мекемесі, 72 сағаттық курсы оқыды. Педөтілі – 3 жыл.

III. Тәрбиеленушілер контингенті

2024-2025 оқу жылында «Қуаныш» шағын орталығына тізім бойынша жалпы 13 бала оның ішінде (12-қыз бала, 1-ұл бала) қабылданды, қазіргі уақытта 9 (8 қыз бала, 1- ұл бала) қалды.

Балалар әр-түрлі жаста, 1 топта тәрбиеленуде. «Қуаныш» шағын орталығында ерекше білім алу қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер жоқ.

2024-2025 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбы жоқ.

№	Тәрбиеленушілердің аты-жөні	Жынысы	Туған жылы	Жасы	Кетті
1	Сақтаған Томирис Ерланқызы	Қыз	10.05.2021	3 жас 4 ай	
2	Алтынбек Инжу Алдиярқызы	Қыз	13.04.2021	3 жас 5 ай	
3	Сейлханова Фарида Еркешовна	Қыз	12.03.2020	4 жас 6 ай	Дайындық топ
4	Шомат Адия Садыққызы	Қыз	14.05.2020	4 жас 4 ай	
5	Нұржан Тұмарым Бақытжанқызы	Қыз	21.10.2019	4 жас 11 ай	Дайындық топ
6	Есжан Дария Дарханқызы	Қыз	26.12.2019	4 жас 8 ай	Дайындық топ
7	Аманбай Асылым Ниязқызы	Қыз	21.02.2020	4 жас 7 ай	02.12.2024
8	Аманбай Аяла Ниязқызы	Қыз	20.10.2021	3 жас 8 ай	04.11.2024
9	Ақжігіт Айлин Термирланқызы	Қыз	23.09.2022	2 жас	
10	Алтынбек Көзайым Сұлтанқызы	Қыз	06.03.2023	2 жас 9 ай	
11	Жеңіс Нұрдаулет Нұрмамбетұлы	Ұл	10.01.2023	1 жас 8 ай	
12	Боранбек Ясмина Сағдатқызы	Қыз	07.09.2023	2 жас	30.01.2025
13	Кеңес Томирис Мидетқызы	Қыз	14.05.2023	1 жас 5 ай	30.01.2025

Ал 2025-2026 оқу жылына осы шағын орталық тәрбиеленушілерінен 3 бала мектеп алды даярлық топқа кетеді. Есжан Дария Дарханқызы, Сейлханова Фарида Еркешовна, Нұржан Тұмарым Бақытжанқызы.

IV. Мектепке дейінгі білім беру бойынша оқу-әдістемелік жұмыс

Жылымды ауылының негізгі орта білім беретін мектебі жанындағы «Қуаныш» шағын орталығында (2-3 жастағы) кіші топ және (4-5 жастағы балалар) ортаңғы тобы бар. Оқу жұмыс жоспарлары білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрылған, мектеп директоры Есжанова А.М бекітілген.

Үлгілік оқу бағдарламасына сай жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары негізінде барлық ұйымдастырылған оқу қызметі оқу жұмыс жоспарында толық қамтылған.

Ортаңғы топтың оқу жоспарында оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут көрсетілген. Шағын орталықтың жылдық жұмыс жоспары ұсынылды, жоспарда әдістемелік мәселесі мен мақсаты берілген. Ортаңғы топ тәрбиеленушілерінің даму мониторингі ұсынылды. Бастауыш сынып мұғалімдері мен тәрбиешілері арасында 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары берілді, жұмыс жоспарына бастауыш сынып оқушылары мен шағын орталық арасындағы сабақтастық жұмыстары енгізілді. Оқу үрдісі тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріліп, ұйымдастырылды.

Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін қарастырған. Перспективалық жоспарға негіз болатын өтпелі тақырыптар ұсынылған, осы жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған. Перспективалық жоспар мен циклограммадағы тақырыптар өзара үйлесімді және білім беру салалары өзара кіріктірілген. Циклограмма перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға құрылып, балаларды қабылдаудан бастап, мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі, балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етілген.

Кіші топ бүлдіршіндерімен қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізуге, қайталауға үйретіледі (қоян сияқты секіру, аю сияқты қобандап жүру). Балалардың сөздік қорын әр түрлі әрекеттерге қарай дамыту. Ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойын айтуға. Заттардың түстері, көлем, пішіні бойынша өз бетінше қалыптастыруға, Сыртқы белгілері бойынша көгеністер мен жемістерді таныуға үйрету.

Ортаңғы топ бүлдіршіндерімен қарапайым тапсырмаларды өз еркімен орындауға, секіру түрлерін меңгеру (қос аяқпен, оңға солға бұрылып секіру т.б). Ұзындығы биіктігі көлемі бойынша екі затты салыстыруға, Сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді орынды қолдануға үйрету. Сурет салуда әр түрлі түсті қолдануға түстердің көптігіне назар аударуға баулу және т.б.



Шағын орталықта өткізілген ертеңгіліктер мен тәрбие сағаттары бойынша есеп

Қарттар күні мерекесіне орай «Бүлдіршін бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді сыйлау, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтау үшін және салт- дәстүрден нәр алып өсуіне инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білуге аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу »мақсатында «Қарты бар үйдің, қазынасы бар» атты мерекелік іс- шара өткізілді. Бүлдіршіндер жаттауларын айтып, қазақ биін биледі. «Әжемнің ыстық алақаны», «Атамның дауысы» және «Менің еркем» атты ойындар ойнатылды.



Күз мезгілінің берекесін көрсете отырып, молшылық, байлық ұғымдарын түсіндіру мақсатында «Алтын күз» мерекесіне арналған ертеңгік өтті. Балалар дайындаған тақпақтарын, «Жапырақ» биін, «Тамшылар» биін, билеп, «Кім епті» атты ойын ойнады. Өздерінің үйден дайындап келген күзгі демістерден жасалған қол өнерлерімен бөлісіп, оларды Сатушы ойынын ойнау арқылы күзгі жәрмеңке ұйымдастырылды.



25-қазан республика күніне арналған мерекелік тәрбие сағаты Қуаныш ШО бүлдіршіндерімен өткізілді. Балаларға еліміз, жеріміз жайлы түсінік беріліп ҚР ның мемлекеттік рәміздерімен таныстырылды. Түрлі ойындар мен тапсырмалар орындалды.



Қош келдің, Жаңа жыл! атты жаңа жыл кешіне арналған ертеңгілік өтті. Ертеңгілік барысында Аяз ата мен Ақшақар келіп балаларды қуантты. Балалар «Жаңа жыл» әнін айтып, «Санта клаусс» биін биледі. Ақшақар мен балалар «Қар түйіршіктері» ойынын ойнады.



«Рахмет саған анашым» атты 8 наурыз Халықаралық аналар күніне арналған ертеңгілік өтті. Бүлдіршіндер ән айтып, жаттауларын айтып «Анамның бір күні» атты көрініс қойды. Аналармен мақалдың жалғасын тап, кім жылдам атты ойындар ойнатылды. Ертегілік жоғары деңгейде қызықты өтті.



«Армысың, Әз Наурыз» атты ертеңгілік өткізілді. Бүлдіршіндер «Оюлар» биін билеп, «Наурыз» әнін айтты, «Шашбау» тағу, «Бесікке салу» салт дәстүрлері көрсетіліп, қыздармен «Арқан тарту» т.б ойындар ойнатылды. Ертеңгілік соңында ұлттық тағамдардан бүлдіршіндер дәм татты.



«1- мамыр» Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған тәрбие сағаты өткізілді. Бүлдіршіндер әр ұлт өкілдерінің ұлттық киімдерін киді. Олармен түрлі тапсырмалар орындалып, ойындар ойнатылды. Ең бастысы ұлт өкілдері олардың ұлттық киім тағамдары туралы түсінік берілді.



«7-мамыр» Отан қорғаушылар күні , «9- мамыр» Ұлы жеңіс күніне арналған тәрбие сағаты өткізілді. бүлдіршіндер би билеп жаттауларын айтты. Қыздар «Катюша» биін биледі.



Табиғат әлеміне саяхат (апталық)

2-6 желтоқсан аралығында өткен табиғат әлеміне саяхат жаратылыстану, дүниетану апталығына шағын орталық бүлдіршіндері де қатысты.

3 желтоқсан күні жоспарға сай Асылбек Анеля «**Табиғат ғажайыптары**» тақырыбында бүлдіршіндерге түрлі қызықты мағлұматтар берді. «Жер шары» ойыны ойнатылып табиғат құбылыстарына (жауын -шашын, найзағай, боран жел) ақпараттар берілді. Жауын -шашын боямағы беріліп, балаларға әдемі етіп бояу ұсынылды.

4 желтоқсан күні «**Су және оның маңызы**» тақырыбында А.К.Сактаганова ойын сабақ өткізді. Су туралы мағлұмат беріп, зерттеу жұмысы жасалды. Судың қалай түсі, дәмі өзгередіні жайлы бүлдіршіндерге түсіндірілді.

5 желтоқсан «**Денсаулық зор байлық**» тақырыбында Асылбек Анеля ойын сабақ өткізді. Түрлі тапсырмалар орындау арқылы, бүлдіршіндерге денсаулықтың маңызы мен оны күту керек екендігі түсіндірілді. Пайдалы тағамдар, жеке бас гигиенасы, дене шынықтыру туралы сұрақ жауаптар алынды.



Өтілген ашық сабақтар

«**Мамандықтың бәрі жақсы**» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. барысында балалардың мамандық иелеріне қызығушылықтарын сұрау арқылы болашақта қандай мамандық иелері болғылары келетіндігі және сол мамандық иелерінің жұмыстарымен таныстырылды. Балалардың түсініктерін тексеру мақсатында тапсырмаларда орындалды. Ашық сабақ сиқыршының тапсырмасын орындау желісі бойынша өткізілді.



«Көңілді қар» атты ашық сабақ өткізілді. Қыс мезгілі туралы ақпарат берілді, салыстыру дидактикалық ойыны ойнатылды. Боямақтар тарату арқылы қар бейнесі мүсінделді.

«Өнерлінің өрісі кең»
(апталық)

14-18 сәуір аралығында өткен шығармашылық апталығына балабақша бүлдіршіндері де қатысты.

15- сәуір «сиқырлы қолдар» тақырыбына Асылбек Анеля балалардың саусақ арқылы сурет салу әдісін көрсетті.

16-сәуір «сиқырлы әлем» тақырыбында А.К.Сақтаганова ойын сабағын өткізді. Түрлі әдістер арқылы әр түрлі ойындар ойнатылды.

17- сәуір күні «менің мектебім» тақырыбында Асылбек Анеля сурет көрмесін ұйымдастырды. Балалар өз алтын ұяларын қағаз бетіне бейнеледі.



«Көңілді саяхат» атты ашық сабақ өткізілді. Оқу-іс әрекетінде «Қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Сұрақ –жауап, әңгімелесу, ойын, сергіту, мадақтаусынды әдістер қолданылды. Ертегі желісіне орай суреттер қолданылды. Ересек топ бүлдіршіндеріне ертегі өте қатты ұнады. Тәрбиешінің түсіндіріп, айтып бергенін толық түсініп, мазмұндап айта алды.



«Математика әлемі» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. балалармен түстерге, сандарға, пішіндерге арналған тапсырмалар орындалды.

«Қош бол, шағын орталық» атты ертеңгілік өтті.

Мақсаты:

Балалардың балабақшада болған кездегі қызықты күндерін еске салу арқылы, осы жылдар ішінде жиған тәрбиесін, үйренген білімін ашып көрсету. Мерекелік көңіл – күй сыйлау.

Бүлдіршіндер өз өнерлерін ортаға сала білді. Әсем ән шырқап, мың бұрала би билеп, өлең шумақтар айтып ата аналар көңілдерінен шықты.



V. Оқу материалдық активтер

«Қуаныш» шағын орталығы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы орта баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, оны бойына сіңіруге септігін тигізеді. Сол себепті біздің топта дамытушы орта балалардың қиял-ойларының дамуына ықпал ететіндей ұйымдастырылды.

Балалардың даму ортасы:

Кітап, әдеби орталығы

Сюжетті-рөлдік ойындар ортасы

Қызықты математика орталығы

Тіл шығармашылық орталығы

Табиғат бұрышы

Ертегілер әлемі «Қуыршақ театры»

Сән әлемі

Ойын орталығы

Бұл топтарда үстел үсті ойындарына арналған дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдар, балалар жасаған кітапшалар, боямақ кітапшалар, қол еңбегіне арналған құралдар және ойыншықтар,

ертегілер әлеміне арналған қуыршақтар, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері, саусақ, қолқап театры, шығармашылық іс-әрекеттер үшін атрибуттар мен ойыншықтар, суретті ертегілер жинақтары, дидактикалық ойындар, көрнекі материалдар мен спорт құралдарымен жабдықталған.

Табиғат бұрышында бөлімдер бойынша материалдар: құм, тас, су, көмір, бұршіктер, ағаш бұтақтары, магнит, қағаз және де дәнді-дақылдардан – күріш, қарақұмық, шекілдеуік, бидай, бұршақ, атбас бұршақтары және жасанды аквариум бар. Табиғат күнтізбесі мен жыл мезгілінің үлгісі көрсетілген тақта бар.

Тіл шығармашылық орталығында – коллаж, құрастырмалы кітапшалар, үстел ойындар, халық ауыз әдебиетінің шығармалары, қазақ, орыс халықтарының ертегілері, сүйікті ертегілерді сахналауға арналған қажетті қалпақ, бетперделер, қолдан жасалған ұлттық ойыншықтар, қағаздан қиылған бейнелер театры, сахналау және режиссерлік ойындарға арналған құралдар, кесілген суреттер ойындары және дидактикалық материалдар мен карточкалар сөрелерде бар. Көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдар (арқан, қорап, доңғалақтар, ленталарда бар.

Сонымен қатар заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру барысында топта ойыншықтар мен ойын материалдарын толықтырылып отырылады.

Тамақтану шығындары оларды дайындауға жұмсалатын шығындардың құнынсыз, күніне бір балаға арналған азық-түлік жиынтығы бойынша нормативтік құжаттармен айқындалады. Ақмола облысы әкімдігінің білім басқармасы "КММ" Зеренді ауданының білім бөлімі "КММ" Жылымды ауылының негізгі орта мектебі "КММ жанындағы ата-аналар мен" Қуаныш "шағын орталығы арасындағы өзара қарым-қатынас тәрбиеленушілердің тамақтануына ақы төленетін ата-ана шартымен айқындалады. Ай сайынғы төлем сомасы 10000 теңгені құрайды. Шағын орталықта бір бүлдіршін Сеилханова Фарида көп балалы жанұядан шыққандықтан үкімет тарапынан бөлінген 17805,80 қаражапен тамақтанады. Әкелетін жиһаз жиынтығы (үстелдер, орындықтар, кереуеттер, төсек-орындар, шкафтар, қол жуатын раковиналар, және т.б.) жеткілікті мөлшерде қамтылған..

Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылған. Жабдықтар мен жиһазға жүк құжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар шағын орталықтың пәндік-кеңестік ортасы толықтырылып отырады.

«Қуаныш» шағын орталығының перспективтік ас мәзірі 2024-2025 оқу жылы

I апта

Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Таңертеңгі ас	Таңертеңгі ас	Таңертеңгі ас	Таңертеңгі ас	Таңертеңгі ас
1.Күріш ботқасы	1. Піскен жұмыртқа	1 Арпа(ячка) ботқасы	1.Сұлы (овсянка) ботқасы	1.5 жарма (5 злак) ботқасы
2.Шай сүтпен	2. Шай сүтпен	2. Шай сүтпен	2.Шай сүтпен	2. Шай сүтпен
3.Нан мен май	3. Нан мен май	3.Нан мен май	3.Нан мен май	3.Нан мен май
4.Бал	4.Бал	4.Бал	4.Бал	4.Бал
Дәрумендіру:	Дәрумендіру:	Дәрумендіру:	Дәрумендіру:	Дәрумендіру:
1.Алма	1.Банан	1.Алма	1.Банан	1.Алма

Түскі ас:	Түскі ас:	Түскі ас:	Түскі ас:	Түскі ас:
1. Вермешелді сиыр еті сорпасы	1.Күріш қосылған құс сорпасы	1. Борщ сиыр еті сорпасынан	1. Горох сорпасы құс етінен	1 Сүт кеспесі
2. Тефтели	2. Етті картоп (жаркое)	2. Гуляш	2. Манты	2. Палау (полв)
3. Картоп езбесі	3. Нан	3.макарон соуспен	3. Нан	3. Нан
4. Нан	4.Кисель	4. Нан	4.Компот	4.Кисель
5. Компот	5. Алма мен сәбіз салаты	5.Компот	5. Венигрет	5.. Творог
6. Ірімшік		6. Ірімшік		
Түстен кейінгі уақытағы ас:	Түстен кейінгі уақытағы ас:	Түстен кейінгі уақытағы ас:	Түстен кейінеі уақытағы ас:	Түстен кейінгі уақытағы ас:
1.Сок	1.Айран	1.Айран	1.Сок	1.Айран
2.Тоқаш	2.печенье	2.Тоқаш	2.Печенье	2.Тоқаш

I апта

Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Таңертеңгі ас	Таңертеңгі ас	Таңертеңгі ас	Таңертеңгі ас	Таңертеңгі ас
1.Күріш ботқасы	1. Піскен жұмыртқа	1Арпа(ячка) ботқасы	1.Сұлы (овсянка) ботқасы	1.5 жарма (5 злак) ботқасы
2.Шай сүтпен	2. Шай сүтпен	2. Шай сүтпен	2.Шай сүтпен	2. Шай сүтпен
3.Нан мен май	3. Нан мен май	3.Нан мен май	3Нан мен май	3.Нан мен май
4.Бал	4.Бал	4.Бал	4.Бал	4.Бал
Дәрумендіру:	Дәрумендіру:	Дәрумендіру:	Дәрумендіру:	Дәрумендіру:
1.Алма	1Банан	1.Алма	1.Банан	1.Алма
Түскі ас:	Түскі ас:	Түскі ас:	Түскі ас:	Түскі ас:
1. Вермешелді сиыр еті сорпасы	1. Күріш қосылған құс сорпасы	1. Борщ сиыр еті сорпасынан	1. Горох сорпасы құс етінен	1 Сүт кеспесі
2. Котлет	2. Етті картоп (жаркое)	2. Гуляш	2. Вареники	2. Палау (полв)
3. Картоп езбесі	3. Нан	3.макарон соуспен	3. Нан	3. Нан
4. Нан	4.Кисель	4. Нан	4.Компот	4.Кисель
5. Компот	5. Алма мен сәбіз салаты	5.Компот	5. Венигрет	5.. Творог
6. Ірімшік		6. Ірімшік		
Түстен кейінгі уақытағы ас:	Түстен кейінгі уақытағы ас:	Түстен кейінгі уақытағы ас:	Түстен кейінеі уақытағы ас:	Түстен кейінгі уақытағы ас:
1.Сок	1Айран	1.Айран	1.Сок	1.Айран
2.Тоқаш	2.печенье	2.Тоқаш	2.Печенье	2.Тоқаш

VI. Кітапхана қоры және ақпараттық ресурстар

Шағын орталық тәрбиеленушілеріне арналған қазақ тілі бойынша «Қызықты ертегілер» және «Үйшік» оқу әдістемелік кешендері бар.

VII. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау

2024-2025 оқу жылында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің және тәрбиеленушілердің жеке даму карталары ұсынылды. «Қуаныш» шағын орталығында балалардың жеке даму карталары әрбір сала бойынша толтырылған.

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері 2024-2025 оқу жылына қарастырылған топтағы баланың даму мониторингі баланың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша кестелер толығымен толтырылған. Білім берудің 5 саласы бойынша әр топқа мониторингтер бар. Балалардың іскерліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері жүйелі түрде жүргізіледі.

Балалардың даму мониторингі, баланың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы, бақылау нәтижелері бойынша кестелер, даму карталары ұсынылды. «Қуаныш» шағын орталығының ортаңғы тобы тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары ұсынылған. Жеке даму карталарында балалардың «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» салалары бойынша бастапқы, аралық және қорытынды бақылаудан кейінгі білім, білік, дағды деңгейлері әр балаға төмендегідей көрсетілген:

2024– 2025 оқу жылына арналған Баланың жеке даму картасы

Баланың Т.А.Ә: Сеилханова Фарида

Баланың туған жылы, күні: 12.03.2020

Білім беру ұйымы: Қуаныш ШО

(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Құзыреттіліктер	Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс шаралары (қазан желтоқсан)	Аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету ісшаралары (ақпан сәуір)	Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету ісшаралары (маусым тамыз)	Қорытынды (баланың даму деңгейі сәйкес келеді : III деңгей «жоғары»; II деңгей – «орташа»; I деңгей - «төмен»)
Физикалық қасиеттері	негізгі қимылдардың түрлерін игерту;	қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді	Күтлетін нәтижелерге жете алды	Орташа
Коммуникативтік дағдылары	дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алуға үйрету;	кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады	Өз бетінше жұмыс жасап ортаға қосыла алады.	Жоғары
Танымдық және зияткерлік дағдылары	құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажыратуды дағдыландыру;	ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды;	Фигураларды өз бетінше ажырата алады	Жоғары
Шығармашылық дағдыларының, зерттеу ісәрекетінің дамуы	дайын сұлбаға элементтерін салып аяқтауға үйрету;(марғаудың құйрығын салады);	бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады	Нәтижеге қол жеткізе алды	Орташа
Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылайды	Эмоцияларды дұрыс қолдана алалды	жоғары

2024– 2025 оқу жылына арналған Баланың жеке даму картасы

Баланың Т.А.Ә. Шомат Адия

Баланың туған жылы, күні 14.05.2020

Білім беру ұйымы: Қуаныш ШО

(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Құзыреттіліктер	Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс шаралары (қазан желтоқсан)	Аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету ісшаралары (ақпан сәуір)	Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету ісшаралары (маусым тамыз)	Қорытынды (баланың даму деңгейі сәйкес келеді : III деңгей «жоғары»; II деңгей – «орташа»; I деңгей - «төмен»)
Физикалық қасиеттері	негізгі қимылдардың түрлерін игеруге дағдыландыру;	еңбектеуге, өрмелеуге, заттардан түсуге талпынады;	Күтлетін нәтижелерге жете алды	Орташа
Коммуникативтік дағдылары	қысқа сөйлемдерден неғұрлым күрделі сөйлемдерге ауыса білуге үйрету;	ішінара қызығушылық танытады;	Өз бетінше жұмыс жасап ортаға қосыла алады.	Жоғары
Танымдық және зияткерлік дағдылары	табиғи материалдардың қасиеттері туралы түсініктерді игерту;	салыстырады, бірақ өлшемін ескермейді;	Фигураларды өз бетінше ажырата алады	Жоғары
Шығармашылық дағдыларының, зерттеу ісәрекетінің дамуы	мүсінделген пішіндерді өзіне таныс заттармен салыстыруға үйрету;	суретті ұқыпты салуға тырысады;	Нәтижеге қол жеткізе алды	Орташа
Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		ұқыптылыққа ұмтылады;	Эмоцияларды дұрыс қолдана алады	жоғары

2024 – 2025 оқу жылына арналған Баланың жеке даму картасы

Баланың Т.А.Ә. Есжан Дария Дарханқызы

Баланың туған жылы, күні 26.12.2019

Білім беру ұйымы: Қуаныш ШО

(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Құзыреттіліктер	Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс шаралары (қазан желтоқсан)	Аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету ісшаралары (ақпан сәуір)	Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету ісшаралары (маусым тамыз)	Қорытынды (баланың даму деңгейі сәйкес келеді : III деңгей «жоғары»; II деңгей – «орташа»; I деңгей - «төмен»)
Физикалық қасиеттері	негізгі қимылдардың түрлерін игерту;	еңбектеуге, өрмелеуге, заттардан түсуге талпынады;	Тапсырмалар ме жаттығуларды жоғары нәтижеде орындиды	Жоғары

Коммуникативтік дағдылары	дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алуға үйрету;	ішінара қызығушылық танытады;	Анық сөйлеп, қызығушылығын білдіреді	Жоғары
Танымдық және зияткерлік дағдылары	құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажыратуды дағдыландыру;	салыстырады, бірақ өлшемін ескермейді;	Салыстырып пішіндері бойынша ажырата алады.	Жоғары
Шығармашылық дағдыларының, зерттеу ісәрекетінің дамуы	дайын сұлбаға элементтерін салып аяқтауға үйрету; (марғаудың құйрығын салады);	суретті ұқыпты салуға тырысады;	Тапсырманы мұқият орындайды	Жоғары
Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		ұқыптылыққа ұмтылады;	Тиянақты орындауға тырысады	Жоғары

2024 – 2025 оқу жылына арналған Баланың жеке даму картасы

Баланың Т.А.Ә. Ақжігіт Айлин Темирланқызы

Баланың туған жылы, күні 23.09.2022

Білім беру ұйымы: Қуаныш ШО

(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Құзыреттіліктер	Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс шаралары (қазан желтоқсан)	Аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету ісшаралары (ақпан сәуір)	Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету ісшаралары (маусым тамыз)	Қорытынды (баланың даму деңгейі сәйкес келеді : III деңгей «жоғары»; II деңгей – «орташа»; I деңгей - «төмен»)
Физикалық қасиеттері	жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын меңгерту;	еңбектеуге, өрмелеуге, заттардан түсуге талпынады;	Нәтижеге жетуге талпынады	Орташа
Коммуникативтік дағдылары	белсенді сөздікте барлық сөз таптарын қолдануға үйрету;	ішінара қызығушылық танытады;	Заттарға қызығшылығы бар	Орташа
Танымдық және зияткерлік дағдылары	суреттен жануарларды тауып, атайды, олардың сипаттық ерекшеліктерін атай білуге үйрету;	салыстырады, бірақ өлшемін ескермейді;	Ұқсастықтарына қарай топтай алады	Орташа
Шығармашылық дағдыларының, зерттеу ісәрекетінің дамуы	музыкалық аспаптарды атауға үйрету; (сылдырмақ, барабан, домбыра);	суретті ұқыпты салуға тырысады;	Тапсырмаларды орындауға талпынады	Орташа
Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды		ұқыптылыққа ұмтылады;	Нәтижеге талпынады	Орташа

қалыптастыру				
--------------	--	--	--	--

2024– 2025 оқу жылына арналған Баланың жеке даму картасы

Баланың Т.А.Ә. Алтынбек Інжу Алдиярқызы

Баланың туған жылы, күні 13.04.2021

Білім беру ұйымы: Қуаныш ШО

(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Құзыреттіліктер	Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс шаралары (қазан желтоқсан)	Аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс шаралары (ақпан сәуір)	Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс шаралары (маусым тамыз)	Қорытынды (баланың даму деңгейі сәйкес келеді : III деңгей «жоғары»; II деңгей – «орташа»; I деңгей - «төмен»)
Физикалық қасиеттері	негізгі қимылдардың түрлерін игерту;	қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді	Тапсырмалар ме жаттығуларды жоғары нәтижеде орындиды	Жоғары
Коммуникативтік дағдылары	дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алуға үйрету;	кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады	Анық сөйлеп, қызығушылығын білдіреді	Жоғары
Танымдық және зияткерлік дағдылары	құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажыратуды дағдыландыру;	ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды;	Салыстырып пішіндері бойынша ажырата алады.	Жоғары
Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс әрекетінің дамуы	дайын сұлбаға элементтерін салып аяқтауға үйрету;(марғаудың құйрығын салады);	бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады	Тапсырманы мұқият орындайды	Жоғары
Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылайды	Тиянақты орындауға тырысады	Жоғары

2024– 2025 оқу жылына арналған Баланың жеке даму картасы

Баланың Т.А.Ә. Сақтаған Томерис Ерланқызы

Баланың туған жылы, күні 10.05.2021

Білім беру ұйымы: Қуаныш ШО

(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Құзыреттіліктер	Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс шаралары (қазан желтоқсан)	Аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс шаралары (ақпан сәуір)	Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс шаралары (маусым тамыз)	Қорытынды (баланың даму деңгейі сәйкес келеді : III деңгей «жоғары»; II деңгей – «орташа»; I деңгей - «төмен»)
------------------------	---	---	---	---

Физикалық қасиеттері	негізгі қимылдардың түрлерін игеруге дағдыландыру;	еңбектеуге, өрмелеуге, заттардан түсуге талпынады;	Нәтижеге жетуге талпынады	Орташа
Коммуникативтік дағдылары	қысқа сөйлемдерден неғұрлым күрделі сөйлемдерге ауыса білуге үйрету;	ішінара қызығушылық танытады;	Заттарға қызығшылығы бар	Орташа
Танымдық және зияткерлік дағдылары	табиғи материалдардың қасиеттері туралы түсініктерді игерту;	салыстырады, бірақ өлшемін ескермейді;	Ұқсастықтарына қарай топтай алады	Орташа
Шығармашылық дағдыларының, зерттеу ісәрекетінің дамуы	мүсінделген пішіндерді өзіне таныс заттармен салыстыруға үйрету;	суретті ұқыпты салуға тырысады;	Тапсырмаларды орындауға талпынады	Орташа
Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		ұқыптылыққа ұмтылады;	Нәтижеге талпынады	Орташа

2024 – 2025 оқу жылына арналған Баланың жеке даму картасы

Баланың Т.А.Ә. Жеңіс Нұрдаулет Нұрбамбетұлы

Баланың туған жылы, күні 30.12.2022

Білім беру ұйымы: Қуаныш ШО

(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Құзыреттіліктер	Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс шаралары (қазан желтоқсан)	Аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс шаралары (ақпан сәуір)	Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс шаралары (маусым тамыз)	Қорытынды (баланың даму деңгейі сәйкес келеді : III деңгей «жоғары»; II деңгей – «орташа»; I деңгей - «төмен»)
Физикалық қасиеттері	негізгі қимылдардың түрлерін игерту;	еңбектеуге, өрмелеуге, заттардан түсуге талпынады;	Нәтижеге жетуге талпынады	Орташа
Коммуникативтік дағдылары	дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алуға үйрету;	ішінара қызығушылық танытады;	Заттарға қызығшылығы бар	Орташа
Танымдық және зияткерлік дағдылары	құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажыратуды дағдыландыру;	салыстырады, бірақ өлшемін ескермейді;	Ұқсастықтарына қарай топтай алады	Орташа
Шығармашылық дағдыларының,	дайын сұлбаға элементтерін салып	суретті ұқыпты салуға	Тапсырмаларды орындауға	Орташа

зерттеу ісәрекетінің дамуы	аяқтауға үйрету;(марғаудың құйрығын салады);	тырысады;	талпынады	
Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		ұқыптылыққа ұмтылады;	Нәтижеге талпынады	Орташа

2024– 2025 оқу жылына арналған Баланың жеке даму картасы

Баланың Т.А.Ә. Алтынбек Көзайым Сұлтанқызы

Баланың туған жылы, күні 06.03.2023

Білім беру ұйымы: Қуаныш ШО

(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Құзыреттіліктер	Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс шаралары (қазан желтоқсан)	Аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету ісшаралары (ақпан сәуір)	Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету ісшаралары (маусым тамыз)	Қорытынды (баланың даму деңгейі сәйкес келеді : III деңгей «жоғары»; II деңгей – «орташа»; I деңгей - «төмен»)
Физикалық қасиеттері	негізгі қимылдардың түрлерін игерту;	еңбектеуге, өрмелеуге, заттардан түсуге талпынады;	Нәтижеге жетуге талпынады	Орташа
Коммуникативтік дағдылары	дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алуға үйрету;	ішінара қызығушылық танытады;	Заттарға қызығшылығы бар	Орташа
Танымдық және зияткерлік дағдылары	құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажыратуды дағдыландыру;	салыстырады, бірақ өлшемін ескермейді;	Ұқсастықтарына қарай топтай алады	Орташа
Шығармашылық дағдыларының, зерттеу ісәрекетінің дамуы	дайын сұлбаға элементтерін салып аяқтауға үйрету;(марғаудың құйрығын салады);	суретті ұқыпты салуға тырысады;	Тапсырмаларды орындауға талпынады	Орташа
Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		ұқыптылыққа ұмтылады;	Нәтижеге талпынады	Орташа

2024– 2025 оқу жылына арналған Баланың жеке даму картасы

Баланың Т.А.Ә. Нұржан Тұмарым Бақытжанқызы

Баланың туған жылы, күні 21.10.2019

Білім беру ұйымы: Қуаныш ШО

(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Құзыреттіліктер	Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс шаралары (қазан желтоқсан)	Аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту,	Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту,	Қорытынды (баланың даму деңгейі сәйкес келеді : III деңгей
-----------------	--	---	--	--

		түзету ісшаралары (ақпан сәуір)	түзету ісшаралары (маусым тамыз)	«жоғары»; II деңгей – «орташа»; I деңгей - «төмен»)
Физикалық қасиеттері	негізгі қимылдардың түрлерін игерту;	еңбектеуге, өрмелеуге, заттардан түсуге талпынады;	Тапсырмалар ме жаттығуларды жоғары нәтижеде орындйды	Жоғары
Коммуникативтік дағдылары	дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алуға үйрету;	ішінара қызығушылық танытады;	Анық сөйлеп, қызығушылығын білдіреді	Жоғары
Танымдық және зияткерлік дағдылары	құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажыратуды дағдыландыру;	салыстырады, бірақ өлшемін ескермейді;	Салыстырып пішіндері бойынша ажырата алады.	Жоғары
Шығармашылық дағдыларының, зерттеу ісәрекетінің дамуы	дайын сұлбаға элементтерін салып аяқтауға үйрету;(марғаудың құйрығын салады);	суретті ұқыпты салуға тырысады;	Тапсырманы мұқият орындайды	Жоғары
Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		ұқыптылыққа ұмтылады;	Тиянақты орындауға тырысады	Жоғары

Жас балалардың дамуы келесі білімдерді, дағдыларды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады:

- баланың физикалық және жүйке-психикалық дамуының жас өлшемдеріне сәйкестігі; қозғалыс әрекеттерін меңгеру, ұсақ моториканы дамыту;
- сенсорлық тексеру, салыстыру, қарапайым талдау негізінде балалардың танымдық белсенділігін дамыту, олардың қоршаған заттар мен құбылыстар туралы идеяларын байыту;
- ересектермен және құрдастарымен ана және басқа тілдерде қарым-қатынас жасау қажеттілігін қалыптастыру;
- Ережеге ұқсас мінез-құлық дағдыларының болуы, қоршаған әлемді оң қабылдау қабілеті;
- музыка, өнер және басқа да өнімді іс-шаралар туралы білім негіздеріне қызығушылық.

Жас балалардың дамуы келесі білімдерді, дағдыларды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады:

- баланың физикалық және жүйке-психикалық дамуының жас өлшемдеріне сәйкестігі; қозғалыс әрекеттерін меңгеру, ұсақ моториканы дамыту;
- сенсорлық тексеру, салыстыру, қарапайым талдау негізінде балалардың танымдық белсенділігін дамыту, олардың қоршаған заттар мен құбылыстар туралы идеяларын байыту;
- ересектермен және құрдастарымен ана және басқа тілдерде қарым-қатынас жасау қажеттілігін қалыптастыру;

- Ережеге ұқсас мінез-құлық дағдыларының болуы, қоршаған әлемді оң қабылдау қабілеті;

- музыка, өнер және басқа да өнімді іс-шаралар туралы білім негіздеріне қызығушылық.

Шағын орталық тәрбиешілері біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша әдістемелік қоржын және мектеп жасына дейінгі балаларда отбасылық құндылықтарды қалыптастыру бойынша материалды жалпылау үшін жағдай жасады.

Балаларда өз отбасына деген қызығушылық, отбасылық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтау, отбасы мүшелеріне құрмет көрсетуге тәрбиелеу қалыптасты.

Балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелеудің тиімділігі отбасы мен шағын орталықтың өзара іс-қимыл процесінде келесі жағдайларда қамтамасыз етілді:

- МЖМБС, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын неғұрлым сапалы зерделеу;

- ата-аналармен жұмыста жаңа технологияларды, нысандар мен әдістерді қолдану;

- педагог-баланы-отбасын ынталандыру үшін жағдай жасау:

-шағын орталық пен отбасының дәстүрлі емес өзара әрекеттесу формаларын қолдану;

- тәрбиеленушілер отбасыларының өмірін мәдени дәстүрлермен байыту және ата-аналардың рухани-адамгершілік тәрбиедегі құндылығын түсінуі;

- рухани-адамгершілік тәрбиені жүзеге асыруда кешенді ғылыми-әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету.

«Қуаныш» шағын орталық тәрбиеленушілері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес білімнің, іскерліктің, дағдылардың барлық көлемін-100% сәтті игерді.